

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

Қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӨ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы> бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӨ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 92 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алуды жүзеге асырудың негізі> тармақшасына және _____ <хаттаманың бекітілген күні> тікелей шарт жасасу тәсілімен <қызметтердің атауы> сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес сатып алу туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші Жеткізушіден тікелей шарт жасасу тәсілімен <ҚҚС сомасын қоспағанда> <қызметтердің атауы> қызметті _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) сомада сатып алу шешімін қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген мерзімде және талаптармен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі – Қызмет) қызмет көрсету міндеттемесін өзіне қабылдайды.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).
- Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісім (Шартқа №3 қосымша);
- Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме (Шартқа №4 қосымша).

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __

тиын) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құнынан <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады> (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады). Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баж салықтары мен өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығысы кіреді.

2.2. Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шарт бойынша ақы төлейді:

Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісінше ресімделген электрондық түрдегі шот-фактураны және "Электрондық шот-фактуралар" мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (ЭШФ АЖ) web-қосымшасы/порталы арқылы берілген шот-фактураны ұсынған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары есептік айда Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне (бұдан әрі - Акт) (электрондық түрде және (немесе) қағаз нұсқада) қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде есептік айда тиісті түрде Қызмет көрсету фактісі бойынша ай сайын.

Қызметтердің құны Техникалық ерекше нұсқамаға Қосымшада көзделген Тарифтерге сәйкес есептеледі.

1 (бір) толық айдағы Қызметтердің құны ҚҚС сомасын есепке алмағанда/есепке алғанда _____ теңге __ тиынды (_____ теңге __ тиын) құрайды.

Бірінші ай және (немесе) толық емес есептік ай үшін Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің құнын есептеу іс жүзінде Қызметтер көрсетілген күндер санына барабар жүргізіледі.

Көрсетілген Қызметтердің нақты көлемі және әрбір есептік айда Шарт бойынша төлеуге жататын нақты сома тиісті айдағы Актіде көрсетіледі.

Шарттың жалпы сомасы Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған әрбір ай үшін Актілер негізінде нақты көрсетілген Қызметтер көлеміне қарай азайтылуы мүмкін.

2.3. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баж салықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін осы сияқты өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша _____ (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші түпкілікті табыс алушы болса және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе тиісті халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген

мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Салық салудан босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шартты қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де осыған ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі құрылған жағдайда Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде бейрезиденттің тіркелуін растайтын құжатты ұсыну талабымен Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамай Жеткізушіге табыс сомасын төлейді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыспен алынған құжаттардың, корпоративтік электрондық почта арқылы және (немесе) өзге де тәсілмен алынған құжаттардың сканерленген көшірмелерінің заңды күші болады және оларды Шарттың 2.8, 2.13, 2.14 тармақтарында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде (Алматы қаласынан тыс орналасқан Жеткізушілер үшін) кейіннен түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды (тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.11. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады (тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.12. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлегеннен бастап Қазақстан Республикасының салық заңнамасында бекітілген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы ұсталуға жатады (осы тармақ Жеткізуші ҚР резиденті болмаған жағдайда қолданылады).

2.13. Егер қандай да бір себептермен Тапсырыс берушінің салық органы Жеткізуші ұсынған резиденттікті растайтын, кейінгі салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін құжатты қабылдамаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушімен бірге резиденттікті растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынуды қоса алғанда, осы мәселені шешу үшін бар күшін салады.

2.14. Егер Жеткізуші қандай да бір себептермен Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынбаса, туындаған салық міндеттемелері Жеткізушінің салық міндеттемелері болып табылады, оларды Жеткізуші өсімпұлды ескере отырып, Тапсырыс беруші елінің салық органы анықтаған салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей толық көлемде орындауы (Тапсырыс берушіге өтеуі) тиіс, онда Тапсырыс беруші елінің салық органы Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың

Тапсырыс беруші елдің салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуін анықтады (тармақ егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.15. Жеткізуші өзінің Шарт шеңберінде алынатын табыстың (тардың) түпкілікті (нақты) алушысы (иесі) екенін растайды және осы табысқа (тарға) иелік ету, пайдалану, билік ету құқығына ие болады, сондай-ақ Тапсырыс берушіні осы мақсаттар үшін оның делдал емес екеніне сендіреді (тармақ егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.16. Жеткізушінің тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбауы немесе ұсынуы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші көрсеткен Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажет құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге құқылы;
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізуші өзінің шарттық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаннан кейін Шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді Жеткізушіге қайтаруға міндеттенеді (Шартта Жеткізушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарт талаптарына сәйкес Қызметтің толық көлемде және мерзімде тиісінше көрсетілуін талап етуге;
- 2) көрсетілетін Қызметтің көрсетілу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсыру процесінде қызметкерлерді басқару жөніндегі бағдарламалық қамтылым (бұдан әрі – БҚ) жұмысындағы ескертулер, сәйкессіздіктер, шала жұмыстар, кемшіліктер, іркілістер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіден анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жолдау арқылы оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не төлемді ішінара немесе толық төлеуден бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жіберу арқылы Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға;
- 5) Жеткізушіден Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және туындауына Жеткізушінің кінәсі жоқ объективті себептер болған кезде өзінің қалауы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 7) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан (Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы Шартта талаптар болған кезде) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға;
- 8) Қызметтер тиісінше көрсетілмеген жағдайда, Жеткізуші келтірген залалдың орнын толтыруды талап етуге;
- 9) Шарттың 6-бөліміне сәйкес есептелген өсімпұл (тұрақсыздық айыбы, айыппұл) сомасын Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізушіге төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға;
- 10) Қызметтер көрсету кезінде Жеткізушінің Тапсырыс берушінің ақпараттық активтерін қорғау жөніндегі талаптарды орындауын ұйымдастыруға және тексеруге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда толық көлемде Қызмет көрсетуге;
- 2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсету барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 3) білікті мамандардың Қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге;
- 4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде, бірақ 24 (жиырма төрт) сағат ішінде өз есебінен дербес жоюға;
- 5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 6) Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеуге және құпия сақтауға;
- 7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 9) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге (*қажет болғанда*);
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы

сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде);

12) ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге тиісті айда көрсетілген Қызметтер үшін (қағаз нұсқада және (немесе) электрондық түрде) өз тарапынан қол қойылған Актіні ұсынуға және ЭШФ АЖ арқылы шот-фактураны (электрондық түрде) беруге;

13) уәкілетті органнан Қызметтерді қайта ұйымдастыру, тарату не көрсету құқығынан айырылу туралы құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей - бұл туралы Тапсырыс берушіге тиісті жазбаша хабарлама беру арқылы, оның ішінде Шартта көзделген көлемде және мерзімдерде Қызметтер көрсетуге құқылы құқықтық мирасқор туралы хабарлауға;

14) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шартты іске асыру мақсатын қоспағанда, қандай да бір құжаттарды және (немесе) ақпаратты пайдаланбауға;

15) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезеңінде белгілі болған конфиденциалды ақпараттан басқа өзге де ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

16) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;

17) Қызмет көрсету кезеңінде Қызмет көрсету жөніндегі қызметті үйлестіру үшін байланыс жасайтын тұлғаны айқындауға;

18) Тапсырыс берушінің сұратуларына уақтылы ден қоюды қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушіге Техникалық ерекше нұсқама талаптарына (Шартқа №2 қосымша) сәйкес Шарттың қолданылу мерзімі ішінде туындаған техникалық проблемаларды шешу бойынша консультациялар беруге;

19) қажет болған жағдайда және (немесе) Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтер көрсетуге байланысты қосымша ақпарат беруге;

20) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Қызметтердің үздіксіз, сапалы және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етуге кепілдік беруге;

21) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды дербес көтеруге;

22) Шартқа №3 қосымшаға сәйкес форма бойынша Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімге қол қоюға;

23) Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдардың (Жеткізуші қызметкерлерінің) Шарт бойынша №4 қосымшаға сәйкес форма бойынша Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерге қол қоюын қамтамасыз етуге, олардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге Қызмет көрсету басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын ұсынуға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

- 1) Қызмет көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруіне рұқсат етілмейді;
- 2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызмет үшін ақы алуға құқылы.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163-тұрғын емес үй-жай немесе Тапсырыс беруші нақты мекенжайын/орналасқан жерін ауыстырған жағдайда, басқа мекенжай.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге тиісті айда көрсетілген Қызметтер үшін (қағаз нұсқада және (немесе) электрондық түрде) өз тарапынан қол қойылған Актіні қарауға және қол қоюға ұсынады және Тапсырыс берушіге ЭШФ АЖ арқылы шот-фактураны (электрондық түрде) жібереді/ұсынады.

5.2. Тапсырыс беруші есептік айда көрсетілген Қызметтердің сапасын, толықтығын және олардың Шарт талаптарына және Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады (Шартқа №2 қосымша).

5.3. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде ескертулер және (немесе) жойылмаған, есептік айда көрсетілген Қызметтерде ақаулар болған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді, бұл Жеткізушіден тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) Шарттың 6-бөлімінде көзделген өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

5.4. Тапсырыс берушіде есептік айда олардың тиісті Қызмет көрсету фактісі бойынша Жеткізушіге ескертулер болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге Тапсырыс беруші оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өз құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда – Қызмет көрсетудің нақты басталу күнін қоса алғанда, кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан

0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтерде ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда – әрбір толық сағаттық кідіріс үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған және (немесе) оларды жоюдан бас тартқан жағдайда – Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл;

4) Шарттың 3.3-тармағының 12) және 23) тармақшаларында көзделген мерзімдер бұзылған жағдайда – тиісті құжаттарды ұсынған күнді қоса алғанда, әрбір күнтізбелік кешіктіру күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын өсімпұл;

5) Шарттың 3.3-тармағының 13) тармақшасында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – тиісті ақпарат берілген күнді қоса алғанда, Шарттың әрбір жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын өсімпұл төлейді.

6.3. Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) Шарттың 3.3-тармағының 6), 15) және 16) тармақшаларында және Шарттың 7-бөлімінде көзделген талаптарды бұзған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Жеткізушінің және (немесе) Қызметтер көрсету үшін тартылған тұлғалардың (Жеткізуші қызметкерлерінің) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша қызметтер көрсету кезеңінде белгілі болған конфиденциалды және (немесе) өзге де ақпаратты жария етуі салдарынан келтірілген залалды өтеуге міндетті.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарт бойынша төлем мерзімі сақталмаған есептік ай үшін төлеуге жататын соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы), төлем күнін қоса алғанда, Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған әрбір жұмыс күні үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайыздан) аспайтын мөлшерінде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде). Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша орындалмаған шарттық міндеттемелерге пропорционалды түрде Тапсырыс беруші жүргізген соманы

қайтаруды жүзеге асыруға міндетті.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің жеткізілмеген сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген не уақтылы енгізілмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы шарты болған кезде).

6.11. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізушіге келтірілген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.12. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.13. Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) жария еткен жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

7.4. Шарттың 7.1 және 7.2-тармақтарында және Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімде қарастырылған міндеттемелерді орындау үшін Жеткізуші Шарт бойынша Қызметті көрсету үшін тартылған адамдардың (өз қызметкерлерінің) Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімнің талаптарымен танысуын, сондай-ақ олардың Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге (Шартқа №4 қосымша) қол қоюын, Келісім көшірмесін

Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Қызмет көрсетудің басталатын күніне дейін кемінде 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын ұсынуын қамтамасыз етеді.

7.5. Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезеңінде белгілі болған конфиденциалды ақпараттан басқа өзге ақпаратты жария еткен жағдайда, Жеткізуші Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауаптылықта болады.

7.6. Тараптар Тапсырыс берушінің Шарт шеңберінде алынған кез келген ақпаратты өзінің тартылған сыртқы консультанттарына, сыртқы заңгерлеріне, сыртқы аудиторларына және сақтандырушыларына негізді түрде ашуы заңды болатынын мойындайды.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, содан кейін Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір зиянның өтемін талап етуге құқығы болмайды.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты қиынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген жағдайларға байланысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасының 3 % (үш пайызы) мөлшерінде енгізеді (ерекшелік Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін күшіне енген Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайын құрайды), бұл ретте тиындармен есептелген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы дөңгелектенеді, атап айтқанда: 50 (елу) тиыннан аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сомаға дөңгелектенеді, - 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді:

1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;

3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.

9.2. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

9.3. Егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажет шараны қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Тараптардың орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер мөлшеріндегі соманы қайтарады және Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;

5) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты

тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫ КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар 2 (екі) бірдей данада, Тараптардың әрқайсысы үшін Шарттың 1 (бір) данасынан жасалды.

13.2. Шарт мәтіндері арасында алшақтық болған, оқулар, алшақтықтар және (немесе) Шарт талаптарының мағыналық мазмұнында қандай да бір сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі шарттарды қамтитын Шарт артықшылыққа ие болады.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Жеткізушінің толық атауы>

<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>

<Жеткізушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>

<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>

<Жеткізушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<банктің атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Жеткізушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Жеткізушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

<Жеткізушінің БЕК>

Тапсырыс берушінің атынан

Жеткізушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение осуществить закупку услуг <наименование услуг> у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство оказать услуги <наименование услуг> (далее – Услуги) в соответствии с Технической спецификацией, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

